

УДК 379.85

## **«БҰЙРАТАУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ БАҒЫНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ КЕЛЕШЕГІ**

**Жакупов Қабанбай Бекетович**

zhakupov\_kb@mail.ru

№50 Қазғарыш мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі, Астана, Қазақстан

**Омарова Тоғжан Саятовна**

toka\_12.01@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Экология мамандығының студенті,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Нургалиева З. Ж.

«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи бағы 2011 жылдың 11 наурызында ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Орман және аң шаруашылығы комитеті «Жасыл Даму 2011-2014 жылдарға арналған» салалық бағдарламасы аясында Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық экологиялық қор (БҰҰДБ/ҒЭҚ) бағдарламасының «Далалық экожүйелерді сақтау мен тұрақты басқару» жобасының қолдауымен құрылған.

«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи бағының құрылу мақсаты Орталық Қазақстан үстіртіндегі бірегей дала экожүйелерін сақтау болып табылады.

Ұлттық табиғи бағы аумағы Республикалық маңызы бар табиғат қорғау және ғылыми мәртебесі бар мекеме. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, екінші санатына жатады. Ұлттық табиғи бақ экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін және табиғатты қорғау, экологиялық білім беру, ғылымдық, туристік және рекреациялық мақсаттарда бірегей табиғи кешендерді пайдалануға, биологиялық және ландшафттық әртүрлілікті сақтауға арналған.

«Бұйратау» бағы құрамына республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықтар Белодымовский және Ерейментау аумақтары, жергілікті маңызы бар, аймақтық табиғи бағы ретінде кіреді.

Табиғи бағы Теміртау мен Ерейментау орман шаруашылығының мекемесі мемлекеттік орман қорының және босалқы жерінде құрылған, және Ақмола облысы Ерейментау ауданы мен Қарағанды облысы Осакаров ауданы аумағында орналасқан, ол екі тармақтан тұрады - «Ерейментау» (60 814 га) және «Белодымовский» (28 154 га). Ұлттық бақтың жалпы ауданы 88 968 га. Табиғи бақтың 88 064 га жері қорғау аймағы болып табылады. Орталық кеңсесі Қарағанды облысы Молодежный кентінде орналасқан [1].

«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи бағының жер бедерінің негізгі түрлері аласа таулар (төбелі), биік ұсақ шоқылар (жоталы), төмен (төбелі және адырлы-бөктерлі), сондай-ақ тау аралығы мен төбе аралықтарындағы жазықтардың әртүрлі – көлбеу, төбелі, тауаралық, тегіс түрлері болып кездеседі. Жер бедеріне тән элементтерге су ағысының уақытша

алқаптары, шағын өзен аралығындағы жазықтар мен оладың аңғарлары және көл - қазан шұңқыры жатады.

«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи бағы аумағы Азия құрлығының орталығында орналасқан, сондықтан климаты шұғыл континенталды.

Арктика, қоңыржай және оңтүстік ендіктердің ауа массаларының әсерінен көктем - жаз уақыттарында құрғақ, жазғы жоғары және қыста төмен температура, жыл бойы атмосфералық жауын-шашынның мөлшері жеткіліксіз және тұрақсыз, сонымен қатар климат желді, дауылды болып келеді.

«Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи бағында тұйықталған қазан шұңқырлардың саны көп, негізінен тұзды көлдер, мысалы Ажбай мен Бозайғыр көлдері. Көлдің тереңдігі үлкен емес және орта есеппен 1-1,5 м аспайды, минералдануы айтарлықтай. Көлдерің суы жануарларды суару үшін ғана жарамды.

«Бұйратау» ұлттық бағының өсімдіктер дүниесінің құрамына 450-ден астам түрі кіреді.

«Бұйратау» ұлттық бағы аумағының өсімдіктері аймақтың ландшафтық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Өсімдіктер дүниесі негізгі 5 түрді қамтиды:

1. Орманы қарағай, көктерек - қайың және қандыағаш ормандарымен ұсынылған.

2. Бұталы өсімдігі, 4 түрі бұталармен ұсынылған: а) талдық бұталар; б) бөріжидек, раушан, долана, ырғайдың мезофитті бұталары; в) ксерофитті бұталар, таспа және тобылғымен ұсынылған; г) петрофилді бұталар, аршадан тұрады.

3. Дала, өсімдігі, типтік микротермді шымтезек астық дақылдарымен ұсынылған.

4. Шабындық өсімдігінің - 2 бір түрі кездеседі: нақты мезофитті шалғындар мен далалық шалғындар.

5. Батпақты түрі: артық ылғалдану учаскелері, сулары таяз жерлер және бұлақтар да кездеседі. Басым бөлігі батпақ қырықбуыны, гигрофитті әр түрлі шөптер: батпақ қалтагүл, батпақ қызылбояу, кәдімгі утамыр.

Бақтың фаунасына 5 топ және 15 тұқымдастарға жататын сүтқоректілердің 45 түрі кіреді, бұл Қазақстан таксондары санының сәйкесінше 71 % және 39 %-н құрайды. Бақтың аумағында Қазақстанның таулы өлкелерін мекен ететін басқа популяциялардан жекеленген және саны 200-ге жететін арқардың Ерейментаулық популяциясы мекен етеді. Сонымен қатар соңғы жылдары саны 100-ге жететін маралдың акклиматизациясы жөнінде жұмыс ойдағыдай жүргізіліп жатқандығын атап өту керек [1].

Ұлттық бақтың орнитофаунасы құрамына құстардың 227 түрі кіреді (барлық орнитофаунаның 46 %-ы), олардың ішінде 127 ұялайтын құстар қатарына жатады. Орнитологиялық кешендер қатарынан далалы, бұталы, петрофилді, орманды, шабындық және сулы-батпақты кешендер басым. Бақтың аумағында Қазақстанның Қызыл кітабына енген жалбағай, сұңқылдақ аққу, ақбас үйрек, кәдімгі тұрпан, дала қыраны, тазтырна, дуадақ, безгелдек, тарғақ, үкі сияқты ұялайтын құстардың 13 түрі кездеседі. Сондай-ақ Қызыл кітапқа енген шыбын-шіркейдің 17 түрі бар [1].

Осындай алуан түрлі табиғаты бар ұлттық бақта экотуризмді дамыту еліміздегі маңызды мәселелердің бірі болп табылады. Бұл жас жеткіншектерді елін сүйуге, табиғатты қорғауға және экотуризмнің дамуына, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының артуына мүмкіндік жасайды.

2019 жылдың маусым-шілде айларында табиғатпен танысу, оны қорғау және экологиялық туризмді дамыту бағытында №50 Қазғарыш мектеп-лицейінің оқушыларымен экологиялық саяхат жасалды.

Ерейментау ауданында экологиялық туризмді дамыту, ең алдымен оның маршрутын анықтаудан басталады. Маршрутты анықтауда ол жердің ерекше табиғи нысандары мен кешендеріне баса назар аударылды. Ондай нысандарға сол жердің таулары, өзендері мен көлдері, табиғи бай ландшафтысы ескерілді. Ерейментау ауданында жүргізілген экологиялық маршруттың сызбасы 1-суретте көрсетілген.

Маршруттың жол пункттері: Қарасу өзені - Қаратау жотасы - Тұзды көл - Бозайғыр

көлі - Қоржын көл - Бірғайлы шоқысы - Ордабай қыстағы - Сүйкімбай тауы-Елтай ауылы-Жарық ауылы-Алғабас ауылы-Алтынтау

Маршруттың ұзындығы: 133 км.

Ұзақтығы: 4 күн.


Маршрут Ерейментау кентінен 40 км қашықтықта орналасқан Қуаныш өзенінің оң саласы Қарасу өзенінен басталады. Осы Қарасу өзенінің жағасына шатырлар тігілді. Айналаның табиғатымен таныстық. Қарасу өзені Ерейментау тау сілімінің оңтүстік шығысынан теңіз деңгейінен 785м. биіктіктен бастауын алады. Алғашқыда Қарасу өзені солтүстікке аға отырып, Алтынтау жотасына жетіп, солтүстік батысқа қарай бұрылады. Қарасу өзені Олжабай өзенімен қосыла отырып, Қуаныш өзеніне құяды. Өзен бойында қайың, көк тере, қара ольха терегі және шөптесін өсімдіктердің алуан түрі кездеседі.

Алға қарай қарай жүре отырып, Қаратау жотасының оңтүстігіндегі 858 м. биіктікке көтерілдік. Қаратау жотасы оңтүстіктен солтүстікке қарай аласара береді, оның жоталарында шоқ-шоқ қайың мен терек араласқан тоғайлар кездеседі. Олар ары қарай шағын жазықтармен алмасады. Бұл тоғайларда орман мысығы, арқар, елік, қоян, түлкі, қасқыр және жабайы шошқалар мен алуан түрлі орман және дала құстары кездеседі. Мысалы, дала қыраны, кәдімгі тұрпан, тазтырна, дуадақ т.б. Қаратау жотасының солтүстік шығысы мен Өлеңті өзенінің арасында ірілі-ұсақты 10-нан астам көлдер бар. Солардың бірі Тұзды көл, айналасын қамыс пен қоға қоршап жатыр. Тереңдігі 2 - ден 5 метрге дейін жетеді. Көктемде қар суымен толып, күзге қарай тартылады. Атмосферадан түсетін жауын – шашынның мөлшеріне тәуелді болуына байланысты, мұндағы кездесетін көлдердің ауданы тұрақсыз болып келеді.

Тұзды көлдің солтүстік шығысында 10 км. қашықтықта Бозайғыр көлі бар. Көлдің солтүстігі қамысты, ал қалған жағалары батпақты болып келеді. Көктемде суы тұщы, жаздың ортасында тұзды бола бастайды.

Бозайғыр көлінің солтүстік батысына қарай Қоржын көл орналасқан. Ауданы жағынан Теңіз және Көбей тұз көлінен кейінгі 3 орын алады. Бұл көлдің ерекшелігі тұщы көл. Бұған Қаратал өзені және Ерейментау тауларынан бірнеше бұлақтар құяды. Жағалауында қамыс, шілік, итмұрын кездеседі. Көл табаны құмды-сазды.

Қоржын көлдің оңтүстік батысына қарай теңіз деңгейінен 490 м. биіктікте Бірғайлы шоқысына көтерілдік. Бұл шоқының ерекшелігі гранитті тау жыныстарынан тұрады. Шоқының басында жалғыз түп қайың өсіп тұр.



1 – сурет. Маршрут: Қарасу өзені - Қаратау жотасы - Тұзды көл- Бозайғыр көлі -Қоржын көл- Бірғайлы шоқысы- Ордабай қыстағы- Сүйкімбай тауы- Елтай ауылы- Жарық ауылы- Алғабас ауылы—Алтынтау

Шоқыға көтерілген экотуристер қайың ағашының түбіне өз командаларының тізімін, уақытын, сол кездегі ауа-райына сипаттама береді және команданың көңіл күйін жазып, туристік жазба қалдырып отырады. Келген экотуристер осы жазбаны алып оқиды да,

өздерімен бірге алып кетеді, орнына өздерінің туристік жазбаларын қалдырады. Осы жазба арқылы маршрутты жүріп өткендігін дәлелдейді және есеп беру барысында осы жазбаны өткізеді.

Ырғайлы шоқысынан оңтүстік батысқа қарай 10 км. қашықтықта Ордабай қыстағы орналасқан. Кеңес кезеңінде бөлімше орталығы болған, ал қазір бұл жерде бір ғана үй қалған. Қазіргі кезде антропогендік өзгеріске ұшыраған, табиғат ландшафтысы қайта қалпына келуде.

Ордабай қыстағынан оңтүстік батысына қарай 15 км. қашықтықта Сүйкімбай тауы орналасқан. Оның теңіз деңгейінен биіктігі 705 м. Шығыс жағы жартасты құлама болып келеді, ал солтүстігі мен батысы еңгіштеу. Сүйкімбай тауының батысынан Тамды, Қумола өзендері бастауын алады. Бұл өзендер солтүстік батысқа қарай аға отырып, Слетті өзеніне құяды.

Сүйкімбай тауының батысы біртіндеп жазыққа айналады. Осы жазықта Елтай ауылы орналасқан. Жазықтың көп жері егіншілікке арнап жыртылған. Мұнда бидай, арпа, сұлы т.б дәнді дақылдар егілген.

Елтай ауылынан оңтүстікке қарай 10 км. қашықтықта Жарық ауылы орналасқан. Бұл ауылда егін шаруашылығымен айналысады.

Жарықтан оңтүстік шығысқа қарай 15 шақырым қашықтықта ұсақ шоқылар арасында Алғабас ауылы орналасқан. Алғабас ауылының табиғаты өте әдемі. Айналасын қайың, қара ольха терегі араласып өскен шоқ тоғайлар қоршаған. Тоғайлар арасында бұлақтар көптеп кездеседі.

Алғабастан оңтүстікке қарай теңіз деңгейінен 750 м. биіктікте Алтынтау шоқысы орналасқан. Шоқының шығысы құлама жартасты. Оңтүстік және батысы біртіндеп аласара береді де, Қарасу өзенінің арнасына тіреледі [2].

Сонымен бұл ауданда экотуризм дамыса жоғарыда айтылған әсем де, қайталанбас табиғатымызды сол өзгермеген күйінде ұрпақтан-ұрпаққа сақтап қалар едік, сонымен қатар халықтың табиғатқа деген көзқарасын, экологиялық білімін арттырар едік, ең бастысы халыққа табиғатты қорғаудың экономикалық тиімділігін арттырар едік.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы  
<http://qazaqstan3d.kz/kz/place/view?id=28>
2. Ерейментау/Орысш. ауд. И.Ж.Ғалиасқаров. – Алматы: Қайнар, 1989.
3. Ерейментау. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2009.
4. Развитие экотуризма в Ерейментауском районе. Экологический курьер. - 2011. - 1-15 апреля (№7)